MAN'G'YSTAY'
«ҚАЗАҚСТАН» РТРК» АҚ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ
АО «РТРК «КАЗАХСТАН»
Кіріс/Вход. № 01-11/478
«13» 08 2024 ж./г.

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 11 маусым № 4712-24-00-2/1918 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ови» басшысы Онербаева Улбике Амангелдиевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.шартты бұзу туралы
2.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
3.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Ови» басшысы Онербаева Улбике Амангелдиевнаға шартты бұзу тралы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамымен жеке кәсіпкер «Ови» басшысы Онербаева Улбике Амангелдиевна арасында 2024 жылы 8 сәуірде жасалған келісім-шарт бір жақты тәртіпте бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «Ови» басшысы Онербаева Улбике Амангелдиевна сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ови» басшысы Онербаева Улбике Амангелдиевнадан мемлекет пайдасына 449 (төрті жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбын, 1 859 (бір мың сегіз жүз елу тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Көшірмесі дұрыс
Судья А.О.Аташева

Анықтама
Шешім заңды күшіне 18 шілде 2024 жылы енді

Судья А.О.Аташева